

*Академияның Ғылыми Кеңесінің
2025 жылғы 27 мамырдағы
шешімімен бекітілген
№15 хаттама*

**Докторантураның білім беру бағдарламасы
«8D03115 – Халықаралық қатынастар»**

1. Бағдарламаның атауы : «8D03115 – Халықаралық қатынастар» докторлық білім беру бағдарламасы (*«8D031 – Әлеуметтік ғылымдар» дайындық бағыты*).

2. Оқу мерзімі : 3 жыл

3. Кредиттер саны (ECTS): 180

4. Бағдарламаның сипаттамасы :

Бағдарлама қолданбалы талдау әдістерін және ғылыми-зерттеу қызметін жүйелі және терең меңгеруге негізделген халықаралық қатынастар саласында дербес ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Докторанттар іргелі әдістемелік және зерттеу дайындығынан өтеді. Білім беру бағдарламасы теориялық, практикалық және ғылыми-зерттеу дайындықтарын қамтиды.

Бағдарлама заманауи халықаралық теориялар мен тұжырымдамаларды, қазіргі саяси және қауіпсіздік мәселелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыртқы саяси басымдықтары мен ұлттық мүдделерін біріктіріп зерттеуді көздейді.

Бағдарлама мемлекеттің сыртқы саясатының басым бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжаттарға – Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына және Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасына негізделген.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: халықаралық қатынастар саласында озық сарапшы-зерттеуші мамандарды дайындау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік органдардың тәжірибесіне оның нәтижелерін енгізу мүмкіндіктерімен Қазақстанның өзекті сыртқы саясатын шешуге бағдарланған ғылыми зерттеу жүргізу үшін зерттеу құзыреттерін дамыту;

- қазіргі халықаралық процестерді, сондай-ақ Қазақстанның аймақтық және халықаралық саясаттағы рөлі мен орнын терең және егжей-тегжейлі түсінуді қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

1) оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып, мамандардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру үшін мамандық бойынша тәжірибеге бағытталған пәндер;

2) танылған халықаралық сарапшылар мен тәжірибелі практиктердің ғылыми жетекшілігімен Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын (*диссертациясын*) жүргізу;

3) ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту – зерттеу әдістері мен дизайнын оқып-үйрену, зерттеу тәжірибесін аяқтау;

4) шақырылған мамандардың Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастары мен сыртқы саясатының өзекті мәселелері бойынша дәрістер мен семинарларға қатысуы, халықаралық форумдар мен конференцияларға қатысу;

5) пәндерді үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту.

Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша серіктес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Құзыреттерді қалыптастыру/дамыту:

Этикалық нормалар мен қағидаларды ұстану – этикалық кодекске сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, адалдық, ізгі ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу принциптерін ұстанады, стресстік жағдайға төзе біледі, шешімдерін іздейді және табады.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қояды және оларға қол жеткізеді, тапсырмаларды орындау үшін қосымша күш жұмсайды, нәтижеге жету үшін жауапкершілік алады.

Дербестік және шешім қабылдау дағдылары – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдауды, сондай-ақ ресурстарды есептеуді және жоспарлауды біледі, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет етуді біледі, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқаларын ұсынады.

Өзін-өзі дамыту – келешегі зор қызметкерлерді анықтайды және жоғарылату бойынша ұсыныстар жасайды, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды, жеке мысалмен өзін-өзі дамытуға ұмтылысын көрсетеді.

Бастама – қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырады және әзірлейді, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді, мемлекеттік мекемелер қызметін жақсарту бойынша жобаларға бастамашылық жасайды.

Оқытудың әдістері, формалары, технологиялары: пікірталас, ситуациялық тапсырмалар, топтық жұмыс, кейс-стади, тақырыптық зерттеулер, дебат, семинар, қонақтық лекция, далалық сабақтар.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ЕСТ S
1	Академиялық жазба	БП	ЖООК	3
	Ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері	БП	ЖООК	3
	Қазіргі геосаясат	ПП	ЖООК	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			9
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>			21
	1 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
2	Халықаралық қатынастар саласындағы зерттеу әдістері	БП	ЖООК	3
	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдары мен көпжақты дипломатиясы	БП	ЖООК	3
	Қазіргі заманғы экономикалық дипломатия және қауіп-қатердің алдын алу	БП	ЖООК	2
	<i>Педагогикалық тәжірибе</i>			10
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			18
	<i>ДЭЗЖ</i>			12
	2 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
3	Таңдау компоненті	ПП	ТК	3
	<i>Зерттеу тәжірибе</i>			10
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			13
	<i>ДЭЗЖ</i>			17

	3 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
4	Таңдау компоненті	ПП	ТК	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			4
	<i>Тағылымдама</i>			4
	<i>ДЭЗЖ</i>			22
	4 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
5	Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша зерттеу семинары/зерттеу шеберханасы	ПП	ЖООК	2
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			2
	<i>ДЭЗЖ</i>			28
	5 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
6	<i>ДЭЗЖ</i>			18
	<i>Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны дайындау және қорғау)</i>			12
	6 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
	Теориялық оқыту бойынша барлығы+тәжірибе			45
	Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны жазу және қорғау)			12
	<i>ДЭЗЖ + Тағылымдама</i>			123
	ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ			180